

## Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIV сессиясының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 178 шешімі. Алматы қаласы әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 1436 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 шілдедегі № 243 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.07.2018 № 243 ( алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38 бабына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. V сайланған Алматы қаласы мәслихаты LI сессиясының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 419 "2016 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1273 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 сәуірде "Алматы Ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының кәсіпкерлікті және коммуналдық шаруашылықты дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы К.В. Авершинге жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
XXIV сессиясының төрағасы  
VI сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
хатшысы

М. Әзірбаев

Қ. Қазанбаев

VI сайланған Алматы қаласы  
мәслихаты XXIV сессиясының  
2017 жылғы 30 қарашадағы  
№178  
шешімімен бекітілген

## Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

Өзендер, көлдер, теңіздер бассейні	Тұрғын - үй пайдалану және коммунал-дық қызметтер, (теңге/1000 тек.м.)	Өнеркәсіп жылу энерге - тикасын қоса есепте-генде , (теңге/ 1000 тек.м.)	Ауыл шаруашы лығы, (теңге/ 1000 тек.м.)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашы-лықтары, (теңге/ 1000 тек.м.)	Су энерге тика, (теңге/ 1000 кВт. сағ)	Су көлігі, (теңге/ 1000 т . шақырым)
Балқаш және Алакөл көлдері бассейні	102,3	282,5	81,3	77,7	30,0	8,8

VI сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
XXIV сессиясының төрағасы  
VI сайланған  
Алматы қаласы мәслихатының  
хатшысы

М. Әзірбаев

Қ. Қазанбаев